



**2026-2027 оқу жылына арналған «Торайғыров университеті»
КЕАҚ білім алушыларына білім беру қызметтеріне жеңілдіктер беру
ЕРЕЖЕСІ**

1. Осы «Торайғыров университеті» КЕАҚ білім алушыларына білім беру қызметтеріне жеңілдіктер беру ережелері (бұдан әрі – университет) ерекше дарынды және талантты жастарға, сондай-ақ әлеуметтік қорғалатын топтардан шыққан студенттерге материалдық колдау көрсету мақсатында әзірленді.

2. Университетте шарт негізінде білім алатын студенттер үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметтеріне жеңілдіктер жүйесі қолданылады.

3. Білім алушы бір мезгілде тек бір ғана жеңілдік түрін пайдалана алады.

4. Жеңілдіктер емтихан сессиясын белгіленген мерзімде тапсыру және оқу ақысын уақтылы төлеу шартымен беріледі.

5. Ақылы негізде білім алушыларға келесі мөлшерде жеңілдіктер белгіленуі мүмкін:

1) ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тізіліміне енгізілген халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалардың (РФПО «Дарын») жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне оқуының бірінші жылына:

- I дәрежелі диплом болған жағдайда – оқу ақысының 100%-ы;
- II дәрежелі диплом болған жағдайда – оқу ақысының 50%-ы;
- III дәрежелі диплом болған жағдайда – оқу ақысының 30%-ы.

2) «Торайғыров университеті» КЕАҚ өткізетін пәндік олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне:

- I дәрежелі диплом болған жағдайда – бір академиялық кезеңге оқу ақысының 100%-ы;
- II дәрежелі диплом болған жағдайда – оқуының бірінші жылына оқу ақысының 50%-ы;
- III дәрежелі диплом болған жағдайда – оқуының бірінші жылына оқу ақысының 30%-ы.

3) «Алтын белгі» иегерлеріне – оқуының бірінші жылына 50% жеңілдік.

4) Республикалық спорттық жарыстардың жеңімпаздарына жеңілдіктер Басқарма шешімі негізінде беріледі.

5) Халықаралық және республикалық конкурстардың, форумдардың, фестивальдердің, олимпиадалардың жеңімпаздарына, колледж түлектеріне, WorldSkills халықаралық кәсіби шеберлік конкурсының жеңімпаздарына, робототехника бойынша халықаралық конкурстардың (чемпионаттардың) жеңімпаздарына жеңілдіктер Басқарма шешімімен беріледі.

6. Бакалавриат білім алушылары мен Торайғыров университетінің Жоғары колледжінің 21 жасқа дейінгі әлеуметтік қорғалатын санаттағы білім алушыларына келесі мөлшерде жеңілдіктер белгіленуі мүмкін:

1) жетім балалар қатарындағы студенттерге – оқу ақысының 100%-ы, ресми растайтын құжаттар негізінде беріледі;

2) мүгедектігі бар студенттерге – оқу ақысының 50%-ы, ресми растайтын құжаттар негізінде беріледі.

7. Оқудың барлық деңгейіндегі университет қызметкерлеріне тиісті құжаттар (университеттің Персоналды дамыту және сүйемелдеу бөлімінен анықтама) негізінде оқу ақысының 30% мөлшерінде жеңілдік беріледі және жұмыс істеу кезеңінде қолданылады.

8. Университет қызметкерлерінің 21 жасқа дейінгі бакалавриатта оқитын балаларына ата-анасының еңбек өтіліне байланысты келесі мөлшерде жеңілдік беріледі:

1) еңбек өтілі 1 жылдан 3 жылға дейін болған жағдайда – оқу ақысының 10%-ы;

2) еңбек өтілі 3 жылдан 5 жылға дейін болған жағдайда – оқу ақысының 20%-ы;

3) еңбек өтілі 5 жылдан жоғары болған жағдайда – оқу ақысының 30%-ы.

Еңбек өтілі әр семестрдің басында есептеледі.

9. «Колледждер мен ERG альянсына» кіретін колледждердің түлектеріне университетке түскен кезде бірінші курс бірінші семестріне оқу ақысының 30% мөлшерінде жеңілдік беріледі.

10. Торайғыров университеті колледжінің түлектеріне бірінші курс бірінші семестріне оқу ақысының 30% мөлшерінде жеңілдік беріледі.

11. Бірлескен қызмет туралы шарттары бар колледждердің түлектеріне бірінші курс бірінші семестріне ұзартусыз оқу ақысының 15% мөлшерінде жеңілдік беріледі.

12. Ақылы негізде білім алатын жастар қозғалыстарының мүшелеріне Басқарма шешімі негізінде жеңілдіктер беріледі.

13. Білім беру жеңілдігіне үміткер студент жеке кабинеті арқылы деканатқа 01 тамыздан 01 қазанға дейін және 01 қаңтардан 20 қаңтарға дейін өтініш береді (белгіленген нысандағы өтініш, жеңілдіктерді растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу ақысы төленгені туралы түбіртектердің көшірмелері).

14. Әр факультет өтініштерді қабылдауды тіркеу журналын жүргізеді.

15. Факультетте өтініштерді қарау жөніндегі комиссия кемінде 5 адам құрамында құрылады (декан, кафедра меңгерушілері, факультеттің ПОК). Қарау нәтижелері бойынша комиссия хаттамасы рәсімделеді, оның негізінде жеңілдік беру туралы бұйрық шығарылады. Осы Ереженің 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, I дәрежелі диплом иегерлері болып табылатын және аралық аттестаттау қорытындысы бойынша «А», «А-», «В+», «В», «В-», «С+» бағаларынан төмен емес академиялық үлгерімді растаған, сондай-ак аралық аттестаттаудан уактылы өткен білім алушыларға, Университетте оқуға сертификат алған мерзімді әскери қызмет өткерген тұлғаларды қоспағанда, жеңілдік келесі оқу кезеңіне ұзартылуы мүмкін.

16. Осы Ережеде қарастырылмаған ерекше жағдайларда жеңілдік беру құқығы Басқарма шешімімен аныкталады.

17. Оқу тәртібін бұзғаны, ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт талаптарын орындамағаны, басқа ЖОО-ға ауысканы, тұрғылықты жерін өзгерткені немесе өз еркімен оқудан шыққаны үшін оқудан шығарылған студенттер ағымдағы оқу жылы үшін берілген жеңілдіктер сомасын Университетке өтеуге міндетті.

18. Осы Ережелер кәсіпорындармен жасалған үшжакты шарт негізінде білім алушыларға қолданылмайды.

Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі-проректоры



Р. Нургожин

Заң бөлімінің бастығы



Т. Рыбалова

Экономика және қаржы департаменті
директоры



А. Татенова